

КЕАҚ «НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ» ТӘЛІМГЕРЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Тәлімгерге
арналған нұсқаулық

МАЗМҰНЫ:

Тәлімгерлік дегеніміз не?

Маған тәлімгерлік не үшін қажет?

Бағдарламаның қатысушысы болыңыз

Ментимен байланыс

ТӘЛІМГЕРЛІК ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Нархоздағы тәлімгерлік-экономиканың түрлі салаларындағы оқытушылар, түлектер, серіктестер және кәсіби эксперттер арасындағы өзара қарым-қатынас нәтижесінде студенттердің көшбасшылық және мансаптық әлеуетін дамыту бағдарламасы. Бұл бағдарлама еңбек нарығында бәсекеге қабілетті түлектің профайлын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарлама **1 семестрге немесе 4 айға** созылады және тәлімгер мен студенттің 4-6 онлайн немесе офлайн кездесуін қамтиды.

Тәлімгер-ол келесідей бағыттар бойынша кәсіби білімі бар сарапшы: экономика, қаржы, бухгалтерлік есеп және аудит, маркетинг, менеджмент, адам ресурстарын басқару, туризм, қонақ үй бизнесі, мейрамхана ісі, сақтандыру және бағалау, құқық, құқықтану, экология, халықаралық қатынастар, big data және т.б.

Тәлімгер ретінде-өз ісінің маманы болып табылатын және өз білімімен бөліскісі келетін Нархоз түлегі, серіктестері, сарапшылары мен достары бола алады.

Сіз тәлімгер атансаңыз:

- әлеуметтік миссияны іске асырасыз;
- белсенді және ақылды студенттерден қызықты инсайттар мен идеялар аласыз;
- жастардың дамуына үлесіңізді қосасыз;
- ментордың кәсіби имиджін қалыптастырасыз;
- айналаңызда пікірлес адамдар желісін жинайсыз;
- коучинг дағдыларын дамытасыз;
- қызметкерлерді табасыз.

Тәлімгердің негізгі міндеті студентке кездесу барысында қойылған мақсатқа жету бойынша ұсыныстар беру, қол жеткізілген нәтижелерді тексеру және бағдарлама бойынша қорытынды есепті тапсыру болып табылады.

Менти-бұл бакалавриаттың 3-4 курсына немесе магистратураның 1-2 курсына оқитын және жаңа дағдыларды, имидж бен өзекті түйіндемені қалыптастыру, экономиканың белгілі бір саласында жобаны сәтті құру мақсатында белгілі бір саладағы сарапшының жеке басшылығымен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын студент.

Студенттің бағдарламаға қатысуы бакалавриат немесе магистратураның академиялық бағдарламасының бөлігі болып табылмайды және оқу жүктемесіне кірмейді.

Бұл бағдарламаға қатысатын студенттер:

- болашақта кәсіби өсу профильдері үшін қажетті жаңа дағдыларын қалыптастыра алады;
- индустрияда жаңа кәсіби байланыстар орната алады.

Маған тәлімгерлік не үшін қажет?

Студентпен өзара жұмысты бастамас бұрын бірқатар сұрақтарды шешу маңызды: мен тәлімгерлік бағдарламасынан не алғым келеді? Студентке қалай көмектескім келеді?

Есіңізде болсын, дұрыс емес жауаптар жоқ, бірақ өзіңізбен және ментимен шынайы қарым-қатынас тиімділік пен жақсы көңіл-күйдің кепілі болып табылады.

Студентке қалай көмектескім келеді?

1

Кәсіби даму

- түйіндеме құрастыру
- сұхбатқа дайындық
- бос жұмыс орындарын табуға көмектесу
- тағылымдама/практика/мансаптық
- траектория бойынша кеңес беру
- өзін-өзі таныстыру және сенімді келіссөздер бойынша тренинг

2

Тұлғалық даму

- мотивация, қолдау
- жеке тұлғалық қасиеттерді дамытуға арналған құралдар
- табыс құпиялары
- тайм-менеджмент
- сананы дамыту
- мақсаттармен міндеттерді қоюға көмектесу

3

Ғылымдағы, академиялық қызметтегі даму

- ғылыми мақалалар жазу
- курстық / дипломдық жұмыс жазу
- ғылыми жұмыстарды жазу бойынша кеңес беру
- бірлескен авторлық
- магистратураға/ докторантураға түсу
- шетелдік ЖОО-ға түсу
- академиялық ұтқырлық бойынша кеңес беру

4

Жеке бизнесн құру және дамыту

- бастамаларды қолдау
- стартап құру бойынша кеңес беру
- топты таңдау/дамыту бойынша кеңес беру

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚАТЫСУШЫСЫ БОЛЫҢЫЗ

Сіз студентке пайдалы болғыңыз келетін нәрсені шештіңіз. Енді ментор болу үшін сізге профайлға арналған ақпаратпен өтінімді толтыру қажет.

Бұл кезеңде сіз өзіңіз туралы, сонымен қатар студенттермен не бөліскіңіз келетіні және ықтимал ментиге қойылатын талаптар туралы сөйлесесіз.

Өзіңіз туралы не айту керек?

Менти негізінен тәлімгерлерді профильдегі сипаттамаға сәйкес таңдайды. Өз әңгімеңізді өзіңіз туралы ақпараттан бастаңыз, қандай мамандықтың иегерісіз, сіздің мансаптық жолыңыз қалай басталды және дамыды. Сіз өзіңіздің хоббиіңізді және басқа да маңызды ақпаратты көрсете аласыз. Студентке сіз қандай салаларда тәжірибе алғаныңызбен бөлісуіңіз және ментиден не күтетініңізді бөлісуге дайын екеніңізді білу өте қызықты.

Сізге ыңғайлы және таныс презентацияны таңдаңыз. Есіңізде болсын, тәлімгерлік - бұл көбінесе достыққа алып келетін тәжірибемен бөлісу.

МЕНТИМЕН БАЙЛАНЫС

Сізге өтінім келіп түсті. Сіз оны қабылдадыңыз және бұл туралы менеджерге хабарладыңыз, контактілеріңіз ментиге жіберілді. Алдағы уақытта бағдарламаның ең қызықты және нәтижелі кезеңі-ментимен жұмыс істеу!

Сіз студенттен хабарлама алдыңыз, таныстыңыз. Ментимен немесе менти тобымен алғашқы кездесуді өткізудің уақыты келді, онда мақсаттар мен іс-шаралар жоспарын талқылауға болады. Сол кездесуде қарым-қатынас әдісі мен жиілігін, өзара әрекеттесудің болжамды ұзақтығын талқылап алған жөн. Содан кейін барлығы жоспар бойынша)

Үй тапсырмасын беріп, белгілі бір уақыт шектеулігін белгілеңіз. Менти жоғары мотивацияланған студентке айналса да, кейде оларға жинақылық, тиянақтылық жетпей жатады.

Байланыс кезінде есіңізде болсын

1. Студент жолдың басында ғана, ол байланыс туралы сенімділік пен білімге ие болмауы мүмкін.
2. Шынайы және сыпайы болыңыз, сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.
3. Мақсаттар мен нәтижелерді ашық талқылаңыз, ментиге кері байланыс беріңіз.
4. Ментидің хабарламаларын елеусіз қалдырмаңыз, егер сізге байланыс үзілісі қажет болса, ментиге немесе бағдарлама менеджеріне бұл туралы хабарлаңыз. Көбінесе студенттер мұны өз есебіне алады және жасқанып қалады.
5. Егер менти ұзақ уақыт байланысқа шықпаса, бірінші болып жазыңыз.
6. Жаңа көзқарасты тыңдауға дайын болыңыз

Қарым-қатынастан жақсы жағымды әсер алыңыз!

ТӘЛІМГЕР МЕН МЕНТИДІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛАДЫ



Тәлімгер өтініш қалдырады

Өтініш mentor@narxoz.kz бағдарлама координаторыне түседі



Координатор өтінімдерді бөледі



Университет тәлімгерлерді таңдайды

Мектептер мен студенттермен жұмыс жөніндегі Деканат тәлімгерлер Кеңесі үшін немесе тәлімгер бағдарламасына тәлімгерлерді іріктейді және студенттерге бағдарлама жайлы жариялайды.



Студент бағдарламаға өтініш қалдырады

Өзі туралы ақпаратты, бағдарламаға қатысу мақсатын және таңдаған менторды көрсетеді.



Тәлімгер өтінімді қабылдайды және ментор дайындық мектебін өтеді



Менти мен ментор танысуы



Қарым-қатынас



Бағдарлама аяқталысымен есеп тапсыру

1 семестр немесе 4 ай

ТӘЛІМГЕР

1. Тәлімгерлік бағдарламасына өтінім береді.
Онлайн сауалнаманы толтырады

Өтінім бағдарлама координаторына
mentor@narxoz.kz түседі

2. Координатор өтінімдерді мектеп
бойынша және студенттермен жұмыс
жөніндегі деканатқа бөледі

**Тәлімгерлер
кеңесі**

Мектептер мен студенттермен жұмыс
жөніндегі Деканат тәлімгерлер Кеңесіне
немесе тәлімгер бағдарламасына
тәлімгерлерді іріктейді.
менти бағдарламасы жайлы жариялайды

3. Студент бағдарламаға өтінім беріп, менторды
таңдайды

**Тәлімгерлік
бағдарламасы**

Тәлімгерлерге арналған тренинг

4. Тәлімгерлер тренинг
өтеді

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

**МЕНТИ /
СТУДЕНТТЕР
ТОБЫ**

5. Тәлімгер мен менти
танысуы



NARXOZ
UNIVERSITY

ПРОГРАММА МЕНТОРСТВА В НАРХОЗe

БУДЬ ЧАСТЬЮ БОЛЬШЕГО



Байланыс мессенджерлер, қоңыраулар, кездесулер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, бірлесіп әрекет ету ұзақтығы ынтымақтастықтың мақсаттары мен міндеттеріне, тәлімгер мен ментидің қалауына байланысты.

Егер сіз ментимен қарым-қатынаста қиындықтар туындаса немесе байланыс тоқтап қалса, бағдарлама үйлестірушісіне жазыңыз mentor@narhoz.kz (хаттың тақырыбы "тәлімгерлік").

Бағдарлама координаторы-бұл тәлімгер мен менти құқықтары мен міндеттерінің сақталуына кепілдік беретін мектептің тәуелсіз қызметкері.